

## Көне ұйғыр графикасымен жазылған «Латафатнама» шығармасының көшірмесіне аударма және түсініктеме (Отырар кітапханасы қорынан)

Т. Молдабай

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан Республикасы  
ORCID: 0000-0001-7148-8945  
(E-mail: [talgatmoldabay@mail.ru](mailto:talgatmoldabay@mail.ru))

### ARTICLE INFO

**Кілт сөздер:**  
«Латафатнама»,  
Хожанди, көне  
ұйғыр жазба  
ескерткіші,  
түркітану,  
аударма, түркі  
әдебиеті,  
қолжазба,  
ғашықтық  
поэзия, орта-  
ғасырлық  
әдебиет,  
транскрип-  
циялау.

FTAMP 16.21.31

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-143-155>

### АННОТАЦИЯ

Хожандидің Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының қорына тапсырылған, көне ұйғыр графикасымен жазылған «Латафатнама» шығармасының Кабул нұсқасының көшірмесі 56 беттен, 313 жолдан тұрады. Бұл шығарма Хорезмидің «Мұхаббатнама», Жүсіп Әміридің «Дехнама» сынды туындыларына ұқсайтын болғанымен, Қарахан дәуірінің тілдік ерекшелігін өн бойына сіңірген, таза түркі тілінде жазылған шығарма ретінде ерекшеленеді. XI ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі, яғни Қарахан дәуірінің тілі кейіннен елеулі құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Сол кезеңдегі әдеби мектептер ыдырағанымен, дәстүрлі поэтикалық стильдері бірнеше ғасыр бойы сақталып келді. «Латафатнама» жазылған дәуірде, әдетте, жергілікті тілдік ерекшеліктер араласып, әрі өзіне дейінгі әдеби тілдерге қарағанда кеңірек таралған ортақ әдеби дәстүр қолданылады. Ол өз заманындағы әдеби дәстүр негізінде жазылғанымен, Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» және А.Йүгнекидің «Атабат ул-Хакайк» шығармаларынан тілдік тұрғыда өзгеше сипатқа ие. Жүргізілген зерттеу барысында «Латафатнама» шығармасының тіліне ең жақын тіл ретінде Хорезм түрік тілі айқындалды. Сондықтан да мәтінді транскрипциялау барысында Хорезм түрік тілі негізге алынды. Аталмыш шығарма бұрын қазақ тіліне аударылмағандықтан, оның көне ұйғыр жазуындағы Кабул нұсқасының аудармасын жасап және түсініктемесін беріп, ғылыми айналымға кіргізу зерттеудің негізгі мақсаты етіп қойылды. Жұмыс барысында шығарманы және оған қатысты тұлғаларды зерттеу, тарихын талдау жүзеге асырылып, кейбір ғылыми пайымдар ұсынылды. Түпнұсқа мәтіннің транскрипциясын жасау барысында көне ұйғыр жазуының әріп таңбалар қорының аздығы ескерілді:

өйткені мәтінде а-е, о-у, ы-и, к-г, б-п сияқты фонемалар бір графемамен берілген. Транскрипция хорезм түркі тілінің ерекшеліктеріне сәйкес жасалды. *Ṭabi'atdın ƙıƙardım naẓm bisyār / acunda bulmadım ikev ƙaridār* («Табиғатымнан көп жыр жаздым, Бірақ әлемде екі алушы таппадым») секілді жолдардың ұшырасуы Хожандидің басқа да шығармалары болуы ықтималдығын жорамалдауға мүмкіндік берді. Аударма барысында жекелеген сөздерге ғылыми түсініктемелер беріліп, олардың мағыналары сөздіктер негізінде ашып көрсетілді. Сондай-ақ, мәтіннің құрылымына талдау жасалып, оның композициялық бөліктері мен силлабикалық түзілімі анықталды. Шығарма кіріспе бөлімнен, негізгі он тараудан және қорытындыдан тұрады. Қазақ тіліне аударма мәтіннің мазмұны мен мағынасын сақтай отырып, негізінен сөзбе-сөз тәсілмен жасалды; кейбір тұста экспликация және сипаттамалық аударма қолданылды.

**T. Moldabay**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

*Astana, Republic of Kazakhstan*

*ORCID: 0000-0001-7148-8945*

*(E-mail: talgatmoldabay@mail.ru)*

### **Translation and scholarly commentary on the Old Uyghur script copy of Latafat-nama (the Otrar library collection)**

**Abstract.** The Kabul copy of *Latāfatnāma* by Khodjandi, written in the Old Uyghur script, is preserved in the Otrar Library Collection of L.N. Gumilyov Eurasian National University. The manuscript consists of 56 folios and 313 lines. In stylistic terms, *Latāfatnāma* is closely related to Khwarazmi's *Mahabbatnāma* and Yusuf Emri's *Dakh-nāma*, composed within the same literary tradition. However, the text is distinguished by its relative linguistic conservatism and is of particular significance as a source reflecting linguistic features characteristic of the Karakhanid period. The language of 11<sup>th</sup> century Turkic written monuments, particularly those of the Karakhanid era, subsequently underwent substantial structural changes. Although the literary school of this period eventually declined, its poetic conventions continued to be preserved for centuries. At the time of the composition of *Latāfatnāma*, a common literary *koine* was in use, incorporating local dialectal features and enjoying broader circulation than earlier literary varieties. Its dialectal basis differs from that reflected in *Kutadgu Bilig* and *Atabat al-Haqāyiq*. The present study demonstrates that the language most closely related to

Received 05 March 2026. Revised 08 April 2026. Accepted 13 May 2026. Available online 30 June 2026.



**Дәйексөз үшін:** Т. Молдабай Көне ұйғыр графикасымен жазылған «Латафатнама» шығармасының көшірмесіне аударма және түсініктеме (Отырар кітапханасы қорынан) // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 2SI. 143-155 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-143-155>

**For citation:** T. Moldabay Translation and scholarly commentary on the Old Uyghur script copy of Latafat-nama (the Otrar library collection) // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. №2SI. P. 143-155. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-2SI-143-155>

that of *Latāfatnāma* is Khwarazmian Turkic; accordingly, this linguistic variety was used as the principal reference point for the transcription of the text. Since this work had not previously been translated into Kazakh, the aim of the study was to produce a translation of the Kabul version, provide scholarly commentary, and introduce the text into academic circulation. The study also includes a review of the history of research on the work and an examination of historical figures associated with it, along with several original interpretative observations. In preparing the transcription of the original text, particular attention was paid to the limited graphemic inventory of the Old Uyghur script, in which phonemic distinctions such as *a/e*, *o/u*, *y/i*, *k/g*, and *b/p* are represented by single graphemes. The transcription was conducted with careful consideration of the linguistic features of Khwarazmian Turkic. An analysis of the verse *Tabīʿatdın ıardım nazm bisyār / acunda bulmadım ikev aridār* (“I composed many poems expressing my nature, yet found not even two recipients in this world”) suggests the possible existence of additional works by Khodjandi. During the translation process, individual lexical items were supplemented with scholarly commentary and interpreted on the basis of lexicographic sources. A structural analysis of the text identified its compositional organization, consisting of an introduction, ten main chapters, and a conclusion. Throughout the translation, the semantic structure of the original was preserved, while explicative and descriptive translation techniques were employed where necessary.

**Keywords:** ‘Latafatnama’, Khojandi, Old Uyghur manuscript, Turkic studies, translation, Turkic literature, love poetry, medieval literature, transcription.

**Т. Молдабай**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева*

*Астана, Республика Казахстан*

*ORCID: 0000-0001-7148-8945*

*(E-mail: talgatmoldabay@mail.ru)*

### **Перевод и комментарий копии «Латафатнаме», написанной древнеуйгурским письмом (из фонда библиотеки «Отырар»)**

**Аннотация.** «Латафатнама» Ходжанди, копия кабульской версии, написанная древнеуйгурским письмом, хранится в фонде библиотеки Отрар Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Текст состоит из 56 страниц и 313 строк. «Латафатнама» написан в стиле, подобном стилю «Махаббатнама» Харизми и «Декхнама» Юсуфа Эмри той же эпохи, однако памятник отличается чистотой языка как текст, в котором отразились языковые особенности эпохи Караханидов. Язык тюркских памятников XI в., т.е. язык эпохи Караханидов, впоследствии претерпел значительные структурные изменения. Литературная школа того времени распалась, но традиционные поэтические стили сохранялись в течение многих столетий. В эпоху создания «Латафатнама» Ходжанди, как правило, использовалось общее литературное койнэ, которое было смешано с местными диалектами и было более широко распространено, чем предшествовавшие литературные языки. Диалектная основа этого койнэ была иной, чем языка «Кутадгу билиг» и «Атабат ул-хакаик». В процессе проведенного исследования нами установлено, что языком, наиболее близким к языку «Латафатнама», является

хорезмский тюркский, поэтому мы использовали этот язык в качестве ориентира при транскрибировании текста. Поскольку данное произведение ранее не переводилось на казахский язык, целью исследования явились перевод кабульской версии, её комментирование и введение текста в научный оборот. В процессе исследования проведён анализ истории изучения памятника и связанных с ним исторических личностей, а также предложены отдельные научные интерпретации. При создании транскрипции оригинального текста учитывалась ограниченность графического состава древнеуйгурской письменности: такие фонемы, как, *a-e, o-y, ы-и, к-г, б-п* в тексте передаются одной графемой. Транскрипция выполнена с учётом особенностей хорезмийского тюркского языка. Анализ строк «*Tabī'atdın çıқardım nazm bisyār / acunda bulmadım ikev Һaridār* (Я написал много стихов, отражающих мою природу, но я не нашел двух адресатов в мире)» позволяет предположить существование и иных трудов Ходжанди. При переводе текста памятника некоторые слова снабжены научными комментариями и интерпретированы на основе словарных данных. Также был проведён структурный анализ текста: определены его композиционные части и силлабическая организация. Произведение включает вводную часть, десять основных разделов и заключение. Перевод на казахский язык осуществлён преимущественно методом калькирования с сохранением семантического содержания оригинала; в отдельных случаях применялись приёмы экспликации и описательного перевода.

**Ключевые слова:** «Латафатнама», Ходжанди, древний уйгурский письменный памятник, тюркология, перевод, тюркская литература, рукопись, любовная поэзия, средневековая литература, транскрипция.

### Кіріспе


Кітаптың атауы: «Латафатнама».

Авторы: Хожанди.

Қолжазба тағдыры: 1982 жылы Ұланбатыр қаласында ұйымдастырылған Әлемдік моңғолтанушы ғалымдардың симпозиумында Ауғанстаннан келген ғалым, проф. Хамами осы қолжазба туралы алғашқы ақпаратты белгілі түркітанушы Қ. Сартқожаұлына айтқан. Кейін, 1983 жылы Ауғанстанда жұмыс істеген орыс жауынгерлерінің бірі Қ. Сартқожаұлына осы қолжазбаның фотокөшірмесін сатады.

Көшіріп жазған: Абубекир-а-Бағлани.

Кітаптың мазмұны: Суфизм және медицина.



1-сур. «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы қорындағы көне ұйғыр жазуымен жазылған «Латафатнама» шығармасының фотокошірмесі. Қорға тапсырған – Қ. Сартқожаұлы (Молдабай, 2013)

Fig. 1. Photocopy of the Latafatnama, written in Old Uyghur script, from the collection of the Otrar Library Research Center. Courtesy of the K. Sartkozhauly collection (Moldabay, 2013).

Рис. 1. Фотокопия «Латафатнамы», написанной древним уйгурским письмом, из собрания Научно-исследовательского центра библиотеки Отырар.

Предоставлено коллекцией К. Сарткожаулы (Молдабай, 2013).

«Латафатнама» шығармасын жазған Хожандидің өмірі жайында көп ақпарат жоқ. Тек бұл туындының Хорезмидің «Мұхаббатнама» дастанының ықпалымен жазылғаны және Алтын Орда әскербасыларының бірі Махмұт Тарханға арналғаны белгілі (Молдабай, 2013). А. Бодроглигети Махмұт Тархан – Хорезм билеушісі кіші Мұхамметтің ұлы екендігін алға тартады (Bodrogligeti, 1980: 103). Олай болса, Хожанди шамамен XV ғасырдың басында өмір сүрген. Шығармасындағы деректерге қарағанда, оның шыққан жері қазіргі Тәжікстанның Хоженд қаласы болса керек. Сонымен қатар оның бұдан басқа да шығармаларының болғандығын жырындағы:

ṭabi'atdın ɕıqardım nazm bisyār

Табиғатымнан көп жыр жаздым

acunda bulmadım ikev ḥarīdār

Бірақ әлемде екі алушы таппадым

деген жолдар арқылы білдік. Дегенмен бізге жеткені осы «Латафатнама» ғана.

Жырдың буындық құрылымы төмендегідей:

senā ḳādirğa /kim cān bērdi /bizge

V5 / V4 / V2 = V11

'ināyet ḳıldı /imān bērdi /bizge

V5 / V4 / V2 = V11

yaratğan /ādem ü hūr u /melekni

V3 / V5 / V3 = V11

Tüzetken / 'arş u kürsī vü / felekni

V3 / V5 / V3 = V11

Шығарманың кіріспесі құдайдың бірлігі (1-19 шумақтар), пайғамбарға мадақ (20-33 шумақтар), жырдың шығу себебі (34-59 шумақтар) және Махмұт Тарханға арналған мадақ (60-79 шумақтар) бөлімдерінен түзілген. Одан кейінгі негізгі тарау келесі шумақтардан құралған: біріншісі – 80-102, екіншісі – 103-130, үшіншісі – 131-148, төртіншісі – 149-172, бесіншісі – 173-195, алтыншысы – 196-219, жетіншісі – 220-240, сегізіншісі – 241-263, тоғызыншысы – 264-286, оныншысы – 287-303. Ал қорытынды бөлім 304-313 шумақтардан тұрады. Жырдың шығу себебін түсіндірген бөлімдегі 44-53 жолдарда оның бір ғашық болған жастың қалауы негізінде қолға алынғаны айтылған және Махмұт Тарханды мадақтайтын бөлімде (59-64 жолдар) автор бұл шығарманың қадірін, құнын бір білсе осы кісі білетінін, сол үшін оған сыйға тартуды жөн көргенін жазған. Негізгі бөлім махаббат тақырыбына арналып, сұлулыққа қатысты көркем теңеулермен және керемет таңданыспен көмкерілген. Қорытынды бөлімде ақын егер бұл жырын әл-Хорезми естисе, бағалайтынын, сөздерінің әсерлі екенін және шығармасындағы кемшіліктерге қарамастан, оқырманның дұғасын күтетінін, сонда оның қайғылы жүрегі қуанышқа бөленетінін жеткізеді. Хожандидің Отырар кітапханасы қорында сақтаулы, ұйғыр графикасымен жазылған «Латафатнамасының» фотокөшірмесі 56 беттен, 313 жолдан тұрады. Хорезмидің «Мұхаббатнамасындағы» сияқты, бұл шығармада да автор өзі туралы баяндайды. Негізгі айырмашылығы: «Мұхаббатнамада» парсы тіліндегі бөлімдер бар, ал «Латафатнама» тек түркі тілінде жазылған. Жүсіп Әміридің «Дехнамасынан» өзгешелігі: «Дехнама» сюжеті ғашықтардың бір-бірімен жауаптасуы, яғни диалог түрінде өрбісе, «Латафатнама» біржақты ғашықтық хаты десек те болады.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Хожандидің «Латафатнамасының» Британ музейіндегі 7914 нөмірімен тіркелген журналының 142-157 парақтары арасында сақталған, араб алфавитімен 914/1509 жылы Гератта көшірілген нұсқасы бұл шығарманың жалғыз нұсқасы ретінде қарастырылып келген еді<sup>1</sup>.

Кейін ғылыми айналымда Хожандидің «Латафатнамасының» көне ұйғыр жазуымен жазылған Кабул нұсқасы, араб жазуымен жазылған екі түрлі Ыстанбұл нұсқасы мен Лондон нұсқасы бар екені белгілі болды (Rieu, 1888; Clauson, 1928; Ходжанди, 1976). Ұйғыр жазуымен жазылған Кабул нұсқасы Кабул мұражайының кітапханасында (№ 10, 746-760) сақтаулы. Қолжазба 893/1488 жылы көшірілген. Онда 313 бейт бар. Мәтіннің ең алғашқы факсимилесі мен транскрипциясын Т. Ганжей жариялады, кейін түрік ғалымы Осман Серткая ғылыми ортаға оның таныстырылымын жасады (Gandjei, 2001; Sertkaya, 1971). Араб жазуымен жазылған нұсқасынан А.Н. Кононовтың жетекшілігімен Э.И. Фазылов «О рукописях и языке «Латафатнама» Ходжанди» атты 1974 жылы жарияланған еңбегі арқылы кеңестік ғалымдар хабардар болды (Ходжанди, 1976). Ыстанбұл қолжазбасы Ұлттық кітапханада сақтаулы (АН Emiri, Arapça Yazmalar,

<sup>1</sup>Brit. Mus. Add. 7914, f. 144 v.

86). Олардың бірі араб жазуымен жазылған Құранның 179-194 беттерінің тәпсірлері жазылатын жерлеріне жазылған және одан кейін Хорезмидің «Мұхаббатнамасы» сияқты шығармалар жалғасқан (Хорезми, 1961). Кейбір беттері кітапты қайта түптеу кезінде жоғалған. Жалпы бұл қолжазбада 311 бейт бар. Екінші Ыстанбұл қолжазбасы жоғарыдағы аталған қолжазбаның бір көшірмесі екендігі анықталды. Оны сол көшірмедегі жоғалған бөліктерге орын қалдыруынан анықтауға болады. Лондон қолжазбасы – «Латафатнама»-дан басқа, «Мұхаббатнама», «Гүл-у Наурыз», Лүтфидің «Диуаны», «Дахнама», Якинидің «Муназарасы», Ахмедидің және Әміридің шығармалары мен «Тухфатус-салатин» сияқты шағатай әдебиетінің ескерткіштерін қамтитын үлкен жинақ. «Латафатнама» жинақтың 142–157 беттерін қамтиды. Қолжазба 914/1509 жылы көшірілген (Rieu, 1888).

### Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл мақаланың нысаны – Хожандидың «Латафатнама» шығармасының ұйғыр жазуымен 893/1488 жылы көшірілген, Ауғанстан астанасы – Қабул қаласы музейінде сақтаулы нұсқасының ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы қорына белгілі түркітанушы ғалым Қ. Сартқожаұлы тапсырған фотокошірмесі. Сол фотокошірме жан-жақты зерттеліп, осы жолдардың авторы тарапынан тұңғыш рет қазақ тіліне аударылды. Жұмыс барысында шығарманы жалпығылыми әдістер арқылы зерделеумен қатар, лингвистикалық түркітануға тән – түпнұсқа мәтіндерді сараптау кезінде тиесілі тілдің ерекшеліктеріне сай транслитерациялау, транскрипциялау тәсілдері, экспликация немесе сипаттамалы аударма, сондай-ақ жазба мәтіндерді тарихи тұрғыда талдау әдістері қолданылды. Мақала авторы «Латафатнама» шығармасын талдай отырып, ондағы қажетті мәліметтерді сұрыптауды жүзеге асырды.

### Талдау

Бұл қолжазба өте көне және сирек қолжазбалар қатарына жатады. Оның көшірілген уақытына назар аударған маңызды. Темір әулетінің дәуірінде ұйғыр графикасымен әртүрлі діни және әдеби мәтіндерді көшірудің хронологиялық реті төмендегідей:

835/1431 ж. «Сиражұл-күлүб», «Мәселе» кітабы, «Мұхаббатнама» сияқты жазбалар коллекциясы.

838/1435 ж. Мансұр көшірген «Бахтиярнама».

840/1436 ж. «Миражнама» және «Тазкират аль-Авлия» қолжазбасы. Мұны Гератта Мәлік Бахши көшірген.

843/1439 ж. Гератта Гара Сайл көшірген «Құтадғу білік».

848/1444 ж. Самарқанда Зайнұл-Абидин көшірген «Атабат ул-хакаик». Мұнда осы көшірмешіге тиесілі екі түрлі голограммалық нұсқа бар. Сондай-ақ «Күллиат-и Аттар»-дың Британ музейінде түрік және ұйғыр алфавитіндегі нұсқалары бар. Бұл қолжазбаны Шахрух Дилманға арнаған, 862 ж. (б.з. 1458 ж.) (Щербак, 1971; Самойлович, 1934; Молдабай, 2013: 83).

Егер бұл ұйғыр графикасымен хатқа түскен қолжазбалардың жазылу уақытына қарасақ, ол 835-848/1431-1444 жылдардағы кезеңге сәйкес келеді. Ұйғыр жазбалары Темір әулеті дәуіріне тұстас болып қана қоймай, осы әйгілі династияның ерекшеліктерін де қамтиды. Көріп отырғанымыздай, түркі мәтіндерін ұйғыр алфавитіне көшіріп жазу 835/1431 жылдан басталған және ең алғашқы көшірмені Әмір Жалаладдин жасаған.

В.В. Бартольд Әмір Жалаладдинді Шахрухтың билігі кезінде өмір сүрген Жалаладдин Фирузшах деп санайды. Түркиялық ғалымдар Фуат Көпрүлү мен Зәки Уәлиди Тоған Бартольдтың бұл пікірін қолдады (Üzeyir, 2020). Алайда Темір билік жүргізіп тұрған кезеңдегі Йазд қаласының тарихын зерттегенімізде, В.В. Бартольдтың бұл пікірі күмәнді екенін анықтадық. Шындығында, Жалаладдин Фирузшах пен Йазд қаласының арасында ешқандай байланыс жоқ. Екінші жағынан, қала Шахрухтың билігі кезінде Жалаладдин Мир Чақмақ атты әмірдің діни бағыттағы әрекеттерінің ықпалында болатын. Кейбір деректемелерде Баязид сұлтанға қарсы Темір жорығына қатысқан әмірлердің арасынан біз Чақмақ атын кездестіреміз. 817/1414 жылы оны сұлтан Баязит Барлас екеуін Шахрухқа қосып Абаргүх қаласын жаулап алу үшін аттандырады. Шахрухтың Әзербайжан мен Иракқа қарсы екінші жорығына Әмір Чақмақ Йазд қаласынан келіп, кейіннен оған Рай қаласында (14 рамазан 832/1429 ж.) қосылады және осы жорықтан кейін ол 833/1430 жылы Сұлтаннан Йаздқа қайтуға рұқсат алады. Діни бағыттағы іс-әрекеттерімен Әмір Чақмақ пен оның әйелі Фатима хатун Йазд билігіне 824, 830, 834 және 845 жылдары әсер етіп отырған және де Шахрухтың өліміне (850/1447 ж.) дейін қаладан ешқайда кетпеген (Молдабай, 2013; Bodrogligeti, 1980). Осыған қарап біз оның осы қаланы ұзақ уақыт басқарған билеуші болған деген болжам жасай аламыз. Жоғарыдағы жағдайларға байланысты Мир Жалаладдиннің Әмір Жалаладдиннен басқа адам екеніне толық көзіміз жетіп отыр.

Мәтінді транслитерациялауда халықаралық стандартқа сай тек кіші әріптер қолданылды. «Латафатнаме» Хорезм әмірі Кіші Мұхаммедтің ұлы Махмұд Тарханға сыйға тартылғандықтан, бұл шығарманың хорезм түрік тілінде жазылған болуы мүмкін деп ойлаймыз және сол себепті хорезм түрік тілі негізге алынды. Мәтінде а-е, о-у, ы-и, к-г, б-п сияқты әріп таңбаларының көне ұйғыр графикасында бір әріп таңбасымен жазылуына байланысты транскрипциясын жасауда хорезм түрік тілі негізінде дұрыс көрінген дыбысталуын таңбалағандығымызды ескертеміз.

### Транскрипциясы:

senā qādirğa kim cān bērdi bizge  
 'ināyet qıldı imān bērdi bizge  
 yaratğan ādem ü hūr u melekni  
 tūzetken 'arş u kürsī vü felekni  
 şecerğa hıl'at-ı nev-rūzī bērgen  
 kamuğ halk-ı cihānğa rūzī bērgen  
 toquz eflākni aşkan mu'allāq  
 yēti qat yēni hem qılğan muṭabbāq  
 hudāvendī kim ol 'ālem yarattı  
 menī suvdın benī-ādem yarattı  
 çimen kuşlarnı iñretür şeherde  
 tūkel ni'met bērür şāh-ı şecerde  
 bulıtlarnı havā üzre yorutur  
 susalıqtın şadef ağızın qurutur  
 törütti taş içinde la'l u yāqūt  
 perī vü ādemīğa ol bērür kūt  
 yarattı qūdetidin şehd ü hanzal

қамışдın şehd ü şekker arıdın bal  
 biregüni қилур ni'met bile bāy  
 yana birisi tün күn nāle vü vāy  
 biregüni оқуп ferzāne қıldı  
 yana birni қавуп bigāne қıldı  
 қилур ādemni қудсыларға mescūd  
 'azāzilni қилур mel'ün u merdūd  
 bēür nūh қавмиға tūfān belāsın  
 kēdürüp nūhға 'izzet pelāsın  
 hālilğa ot içinde bērdi bustān  
 dağı nemrūd otınnı қıldı gülistān  
 bēür ya'қübға yūsuf firāқın  
**ақартур** іштиyākında қарақın  
 қилур маһbūs yūsufnı қудуғда  
 yana қул tēg satarlar her қапуғда  
 süleymānға қилур yēlni musaһhār  
 bolur dāvūd шevқında zirihger  
 bēür 'isāға ol cevr ü cefānı  
 қилур server muһammed muştafānı  
 ilāhī cümleniş sırrın bilür-sēn  
 yēter **erkiñ** nē kim қılsañ қилур-sēn  
 һudāyā көñlüm içre 'ışқ otın yaқ  
 һucendі һastaға luţfuñ bile бақ  
 маһabbet cāmıdın şahbā içүrgin  
 һaţā işler tēlim қıldım kēçүrgin  
 ilāhī mēni cānāndın **ayırma**  
 'aziz cānımnı imāndın ayırma

### Аудармасы:

Бізге жан берген, жақсылық етіп иман берген,  
 Құдыреті барлығына жетер Аллаға мадақ болсын.  
 Адамды, хор қызын, періштені жаратқан,  
 арсы, күрсі мен көкті жаратқан.  
 ағашқа наурыз желегін кидірген,  
 әлем халқының барлығына ырзық берген.  
 тоғыз көкті байлап ілген және  
 жеті қат жерді үсті-үстіне жапқан.  
 Ол сондай бір барлық иесі ғой әлемді жаратты,  
 Мені өз суынан адамзатты жаратты.  
 Таң ағарғанда көк құстарын сайратты,  
 Ағаш бұтағында үнемі нығмет гүлдетті.  
 Бұлттарды ауа үстінде жүргізіп,  
 Шөлдетіп теңіз құртының аузын құрғатады.  
 Тас ішінде лағыл мен жақұтты жаратып,  
 Пері мен адамға Ол ырыздық береді.

Құдыретімен балды, Әбужахил қарбызын,  
 Қамыстан шекерді және арадан балды жаратты.  
 Біреулерді нығметімен бай етер,  
 Тағы біреулерді күні-түні жылатар.  
 Біреулерді шақырып ғалым етер,  
 Тағы біреулерді қуып ақымақ етер.  
 Періштелерге Адамға сәжде еттірер,  
 Сайтанды лағнатпен қуар.  
 Нұқтың тайпасын топан суға бастырып,  
 Нұққа ұлылықтың шапанын кидірді.  
 Ибрахимге оттың ішінен бақша беріп,  
 Намрұттың<sup>2</sup> отын гүл бақшаға айналдырды.  
 Жақыпқа Жүсіптің айырылысуын берді,  
 Қасіретімен көзін ағартты.  
 Жүсіпті құдыққа қамап та  
 Оны құл деп әркімге сатты.  
 Сүлейменнің әміріне желді/жынды берді,  
 Дәуіт Оның қалауымен сауыт жасады.  
 Исаға қайғы мен қиындық берді,  
 Мұхаммет Мұстафаны бас етті.  
 Аллам әркімнің сырын білесің,  
 Құдыретің жетер, не тілесен жасайсың.  
 Аллам, көңілімде ғашықтық отын жақ,  
 Дертті Хожандиді жақсылығымен бақ.  
 Махаббат тостағанынан шарап іштір,  
 Өте көп қателер жасадым, мені кеш.  
 Аллам мені сүйгенімнен айырма,  
 Ғазиз жанымды иманымнан айырма.

#### Аудару барысында кейбір сөздерге берілетін түсініктеме:

**ақартур** ~ ақарт Мағынасы: ағарту, тазалау (Ходжанди, 1976; Clauson, 1972).

**erkіñ** ~ erk Мағынасы: Ішкі күш, күш, билік (Ходжанди, 1976; Clauson, 1972).

**ayırma** ~ ayır Мағынасы: айыру, бөлу, құлату (Ходжанди, 1976; Clauson, 1972).

**birer** ~ bir az Мағынасы: бір, әр бірі (Clauson, 1972).

**elig** ~ èlig Мағынасы: èl – ел, жұрт, мемлекет ал el – қол (дене мүшесі атауы) (Clauson, 1972).

**halvā-yı bī-dūd** Мағынасы: иі қанған, дәл бабына келтірілген халуа (Zülfe, 2011: 43).

**ikegü/ikigü** Мағынасы: екеуі, әр екеуі, екінші (Clauson, 1972).

**iñre** ~ iñra- Мағынасы: сайрау, құстардың шиқылы (Clauson, 1972).

**қауа бақ-** Мағынасы: бір-біріне қарау, қарсы жүру, артқа қарау (Clauson, 1972).

**оһша-** ~ **uһша-** Мағынасы: 1. ұқсау, 2. сыйпау (Clauson, 1972). uхша-: at uһşadı. Ат ұйықтады (атқа тән сөз) (Kaçalın, Ölmez, 2019).

<sup>2</sup>Ибрахимді отқа тастап, Бабылды құрған патша

## Нәтижелер

Хожандидің көне ұйғыр жазуымен жазылған «Латафатнама» шығармасы түпнұсқадан оқылып, транскрипциясы, аудармасы жасалды. Транскрипция жасау барысында көне ұйғыр жазуының ерекшелігі ескерілді. Түрік тіліндегі бірнеше дыбыстың кейде бір әріп таңбасымен берілгеніне назар аударылып, шығарма тіліне ең жақын хорезм түрік тілі негізге алынды. Шығарманың туыс тілде жазылғандығы себепті, сөзбе-сөз аударма жасауға басымдық берілді. Сонымен қатар экспликация немесе сипаттамалы аударма әдісі де қолданылды. Мәтіндік талдау негізінде шығарма авторы Хожандидің бірнеше шығармасы бар екендігін, ал тарихи-деректанымдық тұрғыдағы талдаулар арқылы оның Хожанди қаласында дүниеге келгендіктен Хожанди лақабын алғандығын, бұл қаланың қазіргі Тәжікстандағы Хожанд қаласы (Кеңес дәуіріндегі атауы – Ленинабад) екендігін анықтай алдық. Бұған дейінгі зерттеушілердің осы еңбекке қатысты тұлғалар туралы көзқарастарын тарихи деректер бойынша саралай отырып, Мір Жалаладдин мен Әмір Жалаладдиннің екі басқа адам екендігін дәлелдеуге тырыстық.

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, Хожандидің «Латафатнама» шығармасы – ортағасырлық түркі әдебиетінің құнды мұраларының бірі. Шығарманың мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері оның ғашықтық тақырыбындағы көркем туынды ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің әдеби дәстүрі мен тілдік ерекшеліктерін бейнелейтін маңызды дереккөз екенін көрсетеді. Қолжазба нұсқаларының әртүрлілігі, әсіресе көне ұйғыр жазуымен сақталған үлгілердің болуы, бұл еңбектің тарихи-мәдени маңызын арттыра түседі.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде шығарманың хорезм түркі тілінде жазылғаны, «Мұхаббатнама» дәстүрімен сабақтастығы және өзіндік көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар, «Латафатнаманың» қазақ тіліне аударылуы отандық түркітану ғылымындағы маңызды қадам болып табылады. Бұл еңбек алдағы уақытта түркі әдеби мұраларын кешенді зерттеуге және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан тереңірек талдауға жол ашады.

Шығарма туыс тілде жазылғандықтан, сөзбе-сөз негізде аударылса да, жоғарыда атап өткеніміздей, ішінара экспликация немесе сипаттамалы аударма әдісі де қолданылып, сөздің мағынасына басымдық берілді. Түпнұсқа мәтін көне ұйғыр жазуымен жазылғандықтан, ол жазу жүйесіндегі әріп таңбалар қорының аздығы себепті кейбір түркі тіліндегі екі дыбыс бір таңбамен берілгендіктен, біз шығармаға ең жақын тіл ретінде хорезм түркі тілін басшылыққа алып, соның негізінде транскрипцияладық.

## Әдебиет

Молдабай Т., 2013. «Отырар кітапханасы» ғылыми-зерттеу орталығындағы ұйғыр алфавитімен жазылған «Латафатнама»-ға ғылыми түсініктеме. «Хабаршы» Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің ғылыми журналы. №1-2. Б. 82-87.

Самойлович А.Н., 1934. Иранский героический эпос в литературах тюркских народов Средней Азии. В кн. Фердовси. 934-1934. Л.: Издательство АН СССР. 161 с.

Ходжанди, 1976. Латафат-наме: книга о красоте. Авт. предисл., пер. Э.И. Фазылов. Ташкент: Фан. 197 с.

Хорезми, 1961. Мухаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н. Наджиба. М.: Издательство восточной литературы. 266 с.

Щербак А., 1971. Замечания о тексте и языке Та'ашшук-наме. «Studia Turcica». Ed. L. Ligeti. Budapest. С. 431-444.

Bodrogligeti A. J. E., 1980. Fazylov's Edition of Khujandi's Latafat-nama: A Review Article. Journal of Middle East Studies. №12. Cambridge University Press. P. 101-109.

Bodrogligeti A., 1972. The Fragments of the Cavahiru'l-asrar. CAJ. V. XVI. № 4. С. 290-303.

Clauson Sir G., 1928. A Hithero Unknown Turkish Manuscript in «Uighur» Characters. JRAS. № 4. P. 99-130.

Clauson Sir G., 1972. An Etymological Dictionary of Pre Thirteenth-Century Turkish. Oxford University Press. London. 988 p.

Eckmann J., 1988. Çağatayca El Kitabı: haz. KARAAĞAÇ Günay. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi. 298 s.

Gandjei T., 2001. Bir Edebi Eserin Yaratılışı ve Tavsifi: Dehname 'On Aşk Mektubu. çev. Sertkaya A. İlmî Araştırmalar: Dil, Edebiyat, Tarih İncelemeleri. S. 11. S. 167-174.

Kaçalin M. S., Ölmez M., 2019. Dîvânu Lugâti't-Turk – Mahmûd el-Kâşgarî. İstanbul: Kabalci Yayınevi. 624 s.

Rieu C., 1888. Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London. 287 p.

Sertkaya O.F., 1971. Hocendî'nin Letâfetnâme'si ve Uygur Harfli Nüshasının Tıpkıbasımı. TÜDED. C. 19. S. 232-235.

Üzeyir A., 2020. Hucandi, Letâfet-nâme. On aşk mektubu. Ankara: Sonçağ. 188 s.

Zülfe Ö., 2011. Şiirin İzinde Sözün Gölgesinde. Bilge Kültür Sanat. İstanbul. 256 s.

### Reference

Moldabay T., 2013. «Oty`rar kitapxanası`» gy`ly`mi-zertteu ortaly`gy`ndagy` alfavitimen zhazy`lgan «Latafatnama»-ga gy`ly`mi tusinikteme [Scientific commentary on the "Latafatnama" written in the alphabet of the "Otyrar Library" research center]. "Habarshy" L.N. Gumilev aty`ndagy` EUU-nin Haly`qaraly`q qaty`nastar fakul'tetinin gy`ly`mi zhurnaly` ["Khabarshy" is a scientific journal of the Faculty of International Relations of the L.N. Gumilyov Eurasian National University]. №1-2 sany`. P. 82-87. [in Kazakh].

Samojlovich A.N., 1934. Iranskij geroicheskiy e`pos v literaturax tyurkskix narodov Srednej Azii. v kn. Ferdovski [The Iranian Heroic Epic in the Literatures of the Turkic Peoples of Central Asia]. L., 161 p. [in Russian].

Xodzhandi, 1976. Latafat-name: kniga o krasote. Avt. predisl., per. E`.I. Fazy`lov [Latafat-nameh: A Book about Beauty. Author's preface, translated by E.I. Fazylov]. Tashkent: Fan. 197 p. [in Russian].

Xorezmi, 1961. Muxabbat-name. Izdanie teksta, transkripciya, pere vod i issledovanie E`.N. Nadzhipa [Mukhabbat-nameh. Edition of the text, transcription, translation, and study by E.N. Nadjip]. M. 266 p. [in Russian].

Shherbak A., 1971. Zamechanija o tekste i jazyke Ta'ashshuk-name. [Notes on the Text and Language of Ta'ashshuk-nameh]. «Studia Turcica». Ed. L. Ligeti. Budapest. P. 431-444. [in Russian].

Bodrogligeti A. J. E., 1980. Fazylov's Edition of Khujandi's Latafat-nama: A Review Article. Journal of Middle East Studies. №12. Cambridge University Press. P. 101-109.

Bodrogligeti A., 1972. The Fragments of the Cavahiru'l-asrar. CAJ. V. XVI. № 4. P. 290-303.

Clauson Sir G., 1928. A Hithero Unknown Turkish Manuscript in «Uighur» Characters. JRAS. № 4. P. 99-130.

Clauson Sir G., 1972. An Etymological Dictionary of Pre Thirteenth-Century Turkish. Oxford University Press. London. 988 p.

Eckmann J., 1988. Çağatayca El Kitabı: haz. KARAAĞAÇ Günay. [Chagatai Language Handbook: compiled by Günay Karaağaç]. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi. 298 p. [in Turkish].

Gandjei T., 2001. Bir Edebi Eserin Yaratılışı ve Tavsifi: Dehname ‘On Aşk Mektubu. çev. Sertkaya A. [The Creation and Description of a Literary Work: Dehname ‘Ten Love Letters’. Translated by A. Sertkaya]. İlmî Araştırmalar: Dil, Edebiyat, Tarih İncelemeleri. [Scholarly Research: Language, Literature, History Studies]. S. 11. P. 167-174. [in Turkish].

Kaçalın M. S., Ölmez M., 2019. Dîvânü Lugâti't-Turk – Mahmûd el-Kâşgarî. İstanbul: Kabalci Yayınevi. 624 p. [in Turkish].

Rieu C., 1888. Catalogue of the Turkish Manuscripts in the British Museum. London. 287 p.

Sertkaya O.F., 1971. Hocendî'nin Letâfetnâme'si ve Uygur Harfli Nüshasının Tıpkıbasımı [A Facsimile of Hocendî's Letâfetnâme and its Manuscript in Uyghur Script]. TÜDED. C. 19. P. 232-235. [in Turkish].

Üzeyir A., 2020. Hucandi, Letâfet-nâme. On aşk mektubu. [Hucandi, Letâfet-nâme. Ten love letters]. Ankara: Sonçağ. 188 p. [in Turkish].

Zülfe Ö., 2011. Şiirin İzinde Sözü'n Gölgesinde. [In the Footsteps of Poetry, in the Shadow of Words]. İstanbul: Bilge Kültür Sanat. 256 p. [in Turkish].

#### **Автор туралы мәлімет:**

*Молдабай Талгат*, PhD, түркітану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.  
Scopus ID: 57112707900

#### **Сведения об авторе:**

*Молдабай Талгат*, PhD, доцент кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.  
Scopus ID: 57112707900

#### **Information about author:**

*Moldabay Talgat*, PhD, Ass. Prof., Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.  
Scopus ID: 57112707900



#### **Conflict of Interest.**

There is no conflict of interest related to this article.

#### **Мүдделер қақтығысы.**

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

#### **Конфликт интересов.**

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.